

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

КК(б)П Орталық Комитеті мен Алматы обкомының газеті.

№ 110 (6875) 1945 жылғы 3 июнь Жексенбі | Және саны 20 тыйым

Батыр, жеңімпаз армияның, қаһарман халқымыздың, қаһарман армиясының даңқы, оның талантты қолбасшыларының даңқы, Жоғарғы Бас қолбасшы, Жеңіс Маршалы, ұлы және сүйікті көсеміміз Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ даңқы мәңгі арта берсін!



СУРЕТТЕ (солдан оңға қарай): Қазақ ССРның халық артисі, орденді Қанабек Байсейітов — Төлеген ролінде, Қазақ ССРның халық әртісі — Құрманбек Жандарбеков — Бекежан ролінде, ССР Одағының халық артисі, орденді Күләш Байсейітова — Қыз Жібек ролінде.

Театр

„ҚЫЗ ЖІБЕК“

«Қыз Жібек» (либреттосын жазған Ғ. Мүсрепов) бұрын да пікір айтылып жүрген спектакль. Ол Қазақтың Мемлекеттік опера және балет театрының сахнасында сан рет өңделіп қойылды. Соның бәрінде де жұртшылықтың ұната көруімен қатар, ірілі-уақты жеке сындар да болып келді. Әртүрлі сынның тоғысар бір арнасы болатын. Ол — тарихи шындық жөнінде. Тарихи шындық болғанда, көрушілердің негізге алатыны — «Қыз Жібек» қыйссасы. Бұл қыйсса халқымыздың сүйіп оқығанын, жүрегіне жақын, байырғы шығармасы сұрыпталып, талай електен өткен, халықтың өзі жасаған шығарма. Сондықтан да, Жібек, Төлегендер халық ұғымында тарихи адам сыяқты болып кеткен. Спектакль жөнінде қашанда пікір айтқанда осы қыйссадағы оқығана қайшы келмесе екен делінетін.

Әрине, көркем шығарма болып өткен шын оқығаның көлеңкесінде калуға тиіс емес екені мәлім. Қайта, жақсы шығарма шындықты өзі жасауы керек. Ал, «Қыз Жібек» поэмасы аса көркем, мазмұнды поэма; жоғарыда айтқанымыздай, талай електен өткен поэма. Демек, бұл поэма бойынша, пьеса жазып сахнаға қою — ол халқымыздың жүрегіне терең сіңген, сүйікті Жібектерді бар жағынан кең ала отырып, көркем шығармалық жолмен, жарқын бейне арқылы көрсету, тіпті, бұрынғы ұғымдағы Жібек көлемінде қалмай көтере, шалқыта көрсету керек деген сөз.

Осы жағынан алып қарағанда, «Қыз Жібек» спектакліндегі кейіпкерлер қыйссадағы кейіпкерлерден асып түспегені былай тұрсын, кем болып келді, олқы болып келді. Көрушілердің кейбір көңілі толмаушылығы да, міне, осыдан болатын еді.

Біздіңше, республикамыздың халық артисі Қанабек Байсейітов жаңадан қойып отырған «Қыз Жібек» спектаклі шын мәнісінде, күнды, терең мазмұнды спектакль болып шыққан.

Спектакльдің негізгі арқауы, өзегі, нәрі — халық қазнасы. Осы халық қазнасына арқа сүйей отырып, Байсейітов жолдас оқығаны алға бастады, жаңа нәр, жаңа мазмұн берді. Бұлар «елеусіз», «ұсақ» болып көрінетін өзгерістермен-ақ беріліп жатады. Мысалы, бірінші актыда Жібектің күймесі көрсетіледі. Сырлыбайдың көші өтеді. Оқығана күйме маңында болады. Үстүрт қарағанда, мұндағы өзгеріс бұрынғы спектакльдегі ақ орданың орнына күйме тұратыны ғана, осыдан кейін акт бұрынғы қалпынша өрби беретін тәрізді. Шындығында, юсы аз өзгеріс актының мазмұнын түгелдей жанартып тұрғанын аңғару қиын емес. Бұрын оқығана ауылда болса, енді көш-жөнекей болатынын көреміз. Бұл өзгеру — халық шығармасына, халық ұғымына негізделген. Қыйссадағы оқығамен қабыстырылған.

Атап айтатын елеулі өзгеріс — Жібектің — түсі. Бұл өте шебер жасалған, ойланып жасалған сахна. Түстің мазмұны адамның ұғымына байланысты нәрсе ғой. Спектакльде бұл қатты ескерілген. Сондықтан да Жібектің түсі сол кездің ұғымына сай және ескі заман салт-санасының, қараңғылық шырғауының көрінісі ретінде берілген.

Бекежанның Төлегенмен өтірік дос болып, артынан оны опасыздық жасап өлтіруі де спектакльдің мазмұнын тереңдетіп, кейіпкерлердің бейнесін айқындай түскен. Мұның өзі халық ұғымындағы, қарақшы Бекежанның сұрқиялығын, ал Төлегеннің аңғал, ақжарқын мінезін, ерлігін айқын сипаттап тұрады.

Спектакльдің қызықты, мазмұнды болып шығуы жолында жеке актерлердің сіңірген еңбегін атап айтуымыз керек. Жібек болып ССР Одағының халық артисі Күләш Байсейітова мен республикамыздың еңбегі сіңген артисткасы Шабал Бейсекова ойнайды.

Байсейітова жолдасын Жібек болып қалай ойнайтыны туралы пікір ертеден айтылып жүр. Бұл жөнінде қазақтың көркем-өнерінің Москвада өткен он күндігінде Байсейітова жолдас партия мен үкмет басшыларынан, астана жұртшылығынан тиісті баға алғаны бәрімізге мәлім. Қазір Күләш ондағыдан көп алға басқан. Ең алдымен, даусы өрбіп, ашыла түскен, әнді орындау шеберлігі де артқан.

Кейіпкердің іші-тысын ашып көрсетуде де осыны айтуға болады. Әнді нәшіне келтіре түсініп орындауы, жүріс-тұрысы, бет құбылысы арқылы кейіпкердің бейнесін ашып көрсетуі жағынан Күләшті биік сатыға қоюға болады. Оның ойынынан ерке өскен хан қызына тән мінезі бар, тәкаббар, ашық, шешен Жібекті, сонымен қатар, ұяң да, сыпайы да, реті келген жерде өткір де бола алатын ақылды, ерке Жібекті, басына ауыр қайғы төнгенде шын қамығып, қайғыра білетін ойшыл Жібекті көресіз. Бұл қасиеттерді Күләш өте нанымды, көңілге қонымды етіп, шебер бейнелейді.

«Қыз Жібек» спектаклінде жас артисткамыз Бейсекова жемісті еңбек ете білген. Оның Жібек сыяқты қиын рөлді менгеріп, жақсы атқаруы үлкен жетістік. Бұл жөнінде жас артистка өзінің ысылып қалғандығын, өсіп келе жатқандығын айқын көрсетті. Бейсекова жолдасын ойынындағы Жібек жұртшылық сүйініп көрерлік, көңілге қонымды кейіпкер болып шыққан. Әресе, оның жіңішке, ашық даусы құлаққа жайлы естіледі. Шабалға айтарымыз: рөлді бар жағынан ашып көрсетуде жүріс-тұрысы, бет құбылысы жағын жақсартуға, халық әндерінің ерекшеліктерін берік сақтап, түсіне, беріле орындауға айрықша көңіл бөлуге тиіс. Сахнада өзін еркін ұстап, еркін ойнауға машықтанып алуы керек.

Республикамыздың халық артисі Құрманбек Жандарбеков Бекежан болып жақсы ойнайды. Құрманбектің бойына дарыған шеберлігімен шығарып жүрген Бекежан сыяқты роль театрларымыздың сахнасында көп кездесе бермейді. Жандарбеков шыққан көріністе сахнаның ажары кіріп қоя береді. Оның жүріс-тұрысы қозғалысы, сөз айтуының бәрінде, жалпы ойнауында музыкалық ырғақ айрықша күшті. Ол мінезі ірі, орақ тілді, ашуы тез, кеудесіне наң піскен, әпербақан Бекежанды, сонымен қатар, екі жүзді, тәсілқор, айлалы Бекежанды, көз алдына елестетеді. Осындай шебер ойнауының арқасында, даусының кейбір жетімсіздік жағына қарамастан, Құрманбек көрушіні өзіне бірден тартып әкетеді, еліктіріп отырады.

Көрнекті артистеріміздің бірі, республикамыздың еңбегі сіңген артисі Мүслім Абдуллиннің (Төлеген) ойыны күткеніміздей болмады. Тіпті, әнді орындаудың өзінде де Абдуллин жолдас көзге түсіп тұрмайды, солғын болып көрінеді. Ал жүріс-тұрысы, қиймыл-қозғалысы жетіспей жатқаны мықтап аңғарылады. Базарбай батасын бермеу, осындай көңілсіз оқығана үстінде Бекежан келіп, Төлегенді ажуалау, келеке ету сыяқты айрықша кездерде Мүслім рөлді тиісті сатыға көтере алмайды, көзге елеусіз болып көрінеді. Сол сыяқты, Төлегеннің өлер кезін бейнелеуінде де олақтық сезіліп тұрады.

Ал, Қанабек Байсейітов жолдасын ойынында едәуір ширақтық бар. Ол көз қарасымен, орынды кейбір жеке қиймылдарымен ұтып отырады. Бірақ Қанабекте де кемшілік жоқ деуге болмайды. Бұл оның көбінесе, даусына байланысты кемшіліктер.

Республикамыздың халық артисі Манарбек Ержанов та Шегенің ролін жақсы атқарады.

Декорация мен билер спектакльдің мазмұнын байытып, көркемдігін арттырған. Әресе, бұл жөнінде спектакльдің көркемдік жағын басқарған Ненашев жолдасын еңбегін айрықша атап көрсетуіміз керек. Ненашев жолдас постановканың көркемдік жағын дұрыс шеше білген. Ол барлық көрініс, сахнаны жұрт түсінігіндегі Жібек заманының шындығына, ұғымына сәйкестіре отырып, терең мазмұнды сурет жасаған. Сондай-ақ, бишілер тобын басқарған Ковалев жолдас та би жөнінде игілікті еңбек еткен. Жеке бишілерден: Тапалова, Бекбосынов жолдастарды атап өтуге болады. Бұл жолдастар жақсы билейді.

Бірақ, спектакльде кейбір ұсақ кемшіліктер де бар. Түс тым ұзақ. Би жағын азайтып, біраз шағындаса, теріс болмас еді. Ал жалғыз көзді дәуді алыптастау керек. Одан келер спектакльге ешбір зиян жоқ. Сондай-ақ, қырық жігіттің Бекежанды күтетін сахнадан біраз сөзді қысқартып тастаған тиімді болар еді. Осы ара оқығана жағынан жалпы шарықтап келе жатқан спектакльдің бет алысын, қарқынын басып, бәсеңдетіп тұрған тәрізді. Ал, «Қыз Жібектің» музыкалы-драма түріне айналуында ешбір сөкеттік жоқ деп білеміз. Дегенмен, жоғарыда айтылған сахна сыяқты жерлерде қара сөзді көп қолдануға қызықпаған жөн. Қалай дегенмен, опералық қасиет негізге алыну керек қой.

Киім жөнінде бір-екі ауыз сөз. Спектакльде, жалпы алғанда, киім жаман емес. Бірақ, сонымен қатар, лайықсыз киім де бар. Ең алдымен, Төлегеннің киімі сай емес. Оның алғашқы актыларда киетін киімдері (Жібектің түсіне дейінгі) қонымсыз, тым жұпыны көрінеді, көз тартып тұрмайды.

Бұл айтылғандар оңай жөнделетін кемшіліктер. Театр коллективі мұны алда ескеруге тиіс. Ал, қорыта келіп айтарымыз «Қыз Жібек» Қазақтың мемлекеттік опера және балет театрының соңғы кездегі постановкаларының ішінде көркемдік жағынан ерекше орын алатын күнды спектакль.

М. ИМАНЖАНОВ.



Қазақ ССРның халық артисі М. Ержанов — Шеге ролінде.